

Г.М. Мухамедиева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: mgm2016@mail.ru)*

## Әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері

Мақалада әлеуметтік-экономикалық жүйенің және мемлекеттің әлеуметтік саласының құрамдас бөлігі болып табылатын әлеуметтік инфрақұрылым дамуының негіздері зерттелген. Автор әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын топтастырған: нормативтік құқықтық қамту, бағдарламалы-мақсаттық реттеу, қаржылық реттеу және мемлекеттік-жекешелік әріптестік. Қазіргі уақыттағы ең төмен әлеуметтік кепілдіктерді құқықтық қамту қарастырылған. Қазақстан Республикасында ең төмен әлеуметтік стандарттар белгіленетін және қолданылатын салалар анықталған. Әлеуметтік инфрақұрылымның бағдарламалы-мақсаттық дамуына әсер ететін өте маңызды факторлар белгілі болды. Мемлекеттің әлеуметтік инфрақұрылымның келешегі үшін бекітілген мемлекеттік бағдарламаларды талдап, әлеуметтік инфрақұрылымның жағдайы мен даму мәселелерін салалар деңгейінде зерттеліп, олардың өзгеру деңгейі мен ерекшеліктері мәні ашылған. Мақалада әлеуметтік үрдістерге әсер ететін мемлекеттік реттеудің қаржылық әдістердің жиынтығы қарастырылған. Автор елдің әлеуметтік инфрақұрылымның тұрақты дамуында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолданудың теориялық-әдістемелік және әдістемелі-тәжірибелік негіздерін ашқан. Мақалада мемлекеттік-жекешелік әріптестікті тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығында, білім беру және денсаулық сақтау салаларында қолдануға болатындығы көрсетілген. Автор нормативтік құқықтық қамтудың, бағдарламалы-мақсаттық, қаржылық реттеудің және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің озық әдістерін ескере отырып, әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың жетілдіру жолдарын ұсынған.

*Кілт сөздер:* инфрақұрылым, әлеуметтік инфрақұрылым, нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, бағдарламалы-мақсаттық реттеу, қаржылық реттеу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік.

Қазіргі уақытта әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу мәселелеріне көп көңіл бөлінеді. Әлеуметтік инфрақұрылымның даму мақсаттарына қолжеткізу үшін мемлекет әлеуметтік қызметтерді іске асыру кезінде белгілі бір әлеуметтік әділдік деңгейін экономикалық тиімділікпен қамтамасыз етілетіндей қатынастар жүйесін қалыптастырады. Бұл қатынастардың ұтымды жұмыс істеуі және де экономиканың одан әрі дамуы үшін мемлекет ынталандырулардың да сақталуын талап етеді. Себебі экономикалық тұрғыдан әлеуметтік инфрақұрылымды екі жақты қарастыруға болады. Бір жағынан, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық құрылымдарының жүйесіндегі формалдық социумның институты ретінде қалыптасқан. Екінші жағынан, нарыққа қатысушылардың арасындағы шаруашылық-қаржылық қатынастарының еріктендіруі, әлеуметтік өндірістің маңызды тауарлар мен қызметтер аймағы ретіндегі экономикалық инфрақұрылымның біртұтас қосалқы жүйесі болып табылады. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеудің мынадай бағыттарын көрсетуге болады:

- нормативтік құқықтық қамтамасыз ету арқылы реттеу;
- бағдарламалы-мақсаттық реттеу;
- қаржылық реттеу;
- мемлекеттік-жекешелік әріптестігі аясында реттеу.

Әлеуметтік инфрақұрылымның даму бағыты қоғамның әлеуметтік дамуымен байланысты белгілі бір әлеуметтік кепілдіктерді мемлекеттің өзіне алуына байланысты болады. Бұл әлеуметтік кепілдіктер *нормативтік құқықтық базамен қамтамасыз етуде* нақтыланады. Мәселен, Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Республика азаматтары заңмен белгіленген кепілді медициналық көмектің көлемін тегін алуға хақылы. Азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі», — деп көрсетілген [1].

Мұнда білім беру мен денсаулық сақтау секілді қызметтер әлеуметтік мәнді игіліктерді көрсетеді, яғни оларды тұтыну жағымды қоғамдық нәтижені береді. Сондықтан әлеуметтік қызметтерді көрсетудегі жауапкершілікті реттеу үшін мемлекет нормативтік құқықтық актілерді қабылдап, оның жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік кепілдіктер мемлекеттің Қазақстан Республикасының Конституциясында және Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген әлеуметтік құқықтарды іске асыруға бағытталған

міндеттемелерін тұрады. Ең төмен әлеуметтік стандарттар мынадай салаларда белгіленеді және қолданылады:

- еңбек;
- әлеуметтік қамсыздандыру;
- білім беру;
- отбасы және балалар;
- денсаулық сақтау;
- мәдениет;
- дене шынықтыру және спорт;
- мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету [2].

Білім беруді, денсаулық сақтауды, еңбек және жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау, ақпарат, мәдениет және спорт салаларын дамытудың негізгі талаптары әлеуметтік инфрақұрылымның бағыттарын айқындайды.

Әлеуметтік инфрақұрылымды реттеу тетіктері іс-әрекет етуінің өзекті бағыттарының бірі *бағдарламалы-мақсаттық әдіспен* байланысты. Мұнда бағдарламалы-нысаналық әдіс әлеуметтік саланың даму бағдарламасын іске асыру үшін әдіснамалық негізін құрайды. Әлеуметтік инфрақұрылымды реттеудің құралы ретінде мемлекеттік бағдарламалар қолданылады кестені қара.

К е с т е

**Қазақстан Республикасында әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға  
бағытталған мемлекеттік бағдарламалар**

Р/с №	Бағдарлама атауы	Қойылған міндеттердің қысқаша сипаттамасы
1	2015–2019 жылдарға жасалған «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Шұғыла қағидаты бойынша тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылым құру;</li> <li>- индустриялық инфрақұрылымды және туристік инфрақұрылымды дамыту;</li> <li>- бірыңғай электр энергетикалық жүйе шеңберінде энергетикалық инфрақұрылымды нығайту;</li> <li>- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын және жылу, сумен жабдықтау мен су бұру желілерін жаңғырту;</li> <li>- азаматтар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру;</li> <li>- білім беру саласының инфрақұрылымын дамыту;</li> <li>- кәсіпкерлік субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру</li> </ul>
2	2011–2020 жылдарға Қазақстан Республикасындағы білім және ғылымның дамуы мемлекеттік бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Құқықтық базаны дайындау, инфрақұрылымдық даму және білім мен ғылымның ресурстық әлеуетін жоғарылату;</li> <li>- қаржы ресурстары электрондық оқытуға, үш ауысымдық және төтенше жағдайдағы мектептердің орнына жаңа мектептер салуға, мамандандырылған мектептер құрылысына, жетекші жоғарғы оқу орындарына шетелдік ғалымдар мен кеңесшілерді тартуға, магистратура мен докторантураға мемлекеттік білім беру тапсырысына, инновациялық жобаларды дамытуға және тағы басқаға жұмылдыру</li> </ul>
3	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Қоғамдық денсаулық сақтау жүйесін дамыту;</li> <li>- аурулардың алдын алу және басқаруды жетілдіру;</li> <li>- денсаулық сақтау жүйесін басқарудың және қаржыландырудың тиімділігін арттыру;</li> <li>- ресурстарды пайдаланудың тиімділігін арттыру және саланың инфрақұрылымын жетілдіру</li> </ul>

*Ескерту.* Автормен [3–5] негізінде құрастырылған.

Әлеуметтік инфрақұрылымды реттеудегі мемлекеттік бағдарламалардың тізімінде 2015–2019 жылдарға жасалған «Нұрлы жол» мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасы ерекше маңызға ие.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры есебінен тікелей бюджеттік қаржыландыру арқылы және «Бәйтерек» холдингінің облигациялық қарызын тарту көмегімен жүзеге асырылуда. Бұл қаражаттар негізінен келесі бағыттарға жұмсалуда:

- тиімді көліктік-логистикалық инфрақұрылымды қалыптастыруға;
- индустриялық және туристік инфрақұрылымның дамуына;
- энергетикалық инфрақұрылымның нығаюына және тағы басқаларға.

Әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын Қазақстан Республикасының Президенті әрдайым назарда ұстауда. Елбасы Н.Назарбаев 2017 жылы халыққа арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында жол, тұрғын үй және басқа да инфрақұрылым құрылысына инвестиция сала отырып, қалалардың ұзақ жылдарға дейін сыртқы және технологиялық келбетін айқындайтынын атап көрсетті. Президент тапсырмасы бойынша 2017 жылы «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы іске асырыла бастайды. Ол аса маңызды міндетті орындауға – алдағы 15 жылда 1,5 миллион отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламада тұрғын үй нарығын дамытудың кешенді шаралары көрініс тапқан. Соның бірі – «Даму» акционерлік қоғамы арқылы мемлекеттің субсидия беруі есебінен құрылыс салушылар үшін банк несиесін арзандату. Тұрғындар үшін «Қазақстан ипотекалық компаниясы» акционерлік қоғамы арқылы банктер беретін ипотекалық несиені субсидиялау жүзеге асырылады. «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» салымшылары үшін әкімдіктердің несиелік тұрғын үй салуы жалғасады. Оған ілгеріде бөлінген қаржы «револьвер» қағидаты бойынша қайта пайдаланылады [6].

Елдің дамуы үшін интеллектуалдық әлеуетті жоғарылатудың маңызы зор, осыған байланысты 2011–2020 жылдарға Қазақстан Республикасындағы білім және ғылымның дамуы мемлекеттік бағдарламасы құрылды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты экономиканың тұрақты дамуы үшін білім мен ғылымның бәкеге қабілеттігін арттыру, адами капиталды дамыту болып табылады [4].

Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасы 2011–2015 жылдардағы «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады. «Денсаулық» бағдарламасы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Денсаулық–2020» саясатының негізгі қағидаттарына сәйкес жалпы халықты қамту, әлеуметтік әділдік, сапалы медициналық көмекпен қамтамасыз ету және денсаулық үшін ортақ жауапкершілік қағидаттарын орындай отырып, әлеуметтік бағдарланған ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің тұрақты болуына және қарқынды дамуына ықпал етеді.

Бағдарламаны 2016–2019 жылдарда іске асыру үшін мемлекеттік бюджет және міндетті медициналық сақтандыру қорының қаражаты, сонымен қатар басқа да заңға қайшы келмейтін қаражат жұмсалады. Бағдарламаны жүзеге асыруға мемлекеттік бюджеттен жалпы 1 969 млрд теңге жұмсалмақ [5].

Мемлекет қазақстандық халықтың мәдениетін қалпына келтіруге, сақтауға, дамытуға және таратуға ықпал етеді, мәдени құндылықтарға еркін қолжеткізу үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді, спорт және дене шынықтыру инфрақұрылымдарын дамытуға жағдай жасайды. Бұқаралық спорт инфрақұрылымына азаматтардың қолжетімділігі үшін мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар білім мен ғылымды дамытуға, денсаулықты сақтауға және нығайтуға арналады. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мәртебесі мен деңгейі азаматтардың өмір сүру деңгейі мен сапасын анықтайды. Сондықтан әлеуметтік инфрақұрылымды бағдарламалы-мақсаттық реттеу әлеуметтік саласы және тұтастай алғанда экономиканың мемлекеттік реттеу жүйесінде ерекше рөл атқарады. Сонымен, әлеуметтік инфрақұрылымның дамуын бағдарламалы-мақсаттық реттеудің тиімділігін өсіру келесідей мүмкіндіктер береді:

- әлеуметтік қамту жүйесінің нәтижелігін өсіреді;
- тұрғындардың әлеуметтік маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру сұрақтарын жүргізу мен басқару үшін мемлекеттік басқару органдарының құқығы мен міндеттерін қамтиды, олардың жұмыс нәтижелерін ұлғайтады;
- жұмыссыздық деңгейін төмендетеді;
- бизнес өкілдерін әлеуметтік инфрақұрылымның даму үдерісіне енгізеді;
- спортпен айналысатын тұрғындардың санын көбейту үшін жағдай жасайды;

- әлеуметтік кепілдемелердің орындалуын қамтиды;
- жоғары өндірістік және ғылыми еңбектің өсуіне қажетті жағдайлар жасайды.

Әлеуметтік инфрақұрылым дамуын реттеудің басты бағыттарының бірі *қаржылық* болып табылады. Қазіргі уақытта әлеуметтік инфрақұрылымға әсер ететін мынадай қаржылық әдістер топтарын жатқызуға болады:

- азаматтарға мемлекет атынан тікелей берілуге кепіл берген ақша қорын қаржыландыру (зейнетақы, шәкіртақы, жәрдемақы, өтемақы, ақшалай материалдық көмек);
- әр деңгейдегі азаматтарға тауарлар мен қызметтерді төлеу немесе алу кезіндегі жеңілдіктерді қаржыландыру;
- бірінші қажеттіліктегі тұтыну тауарлары мен қызметтерін өндіруге арналған экономикамыздың дамуы үшін аса маңызды салаларды мемлекеттік қаржылық қолдау;
- жеке және заңды тұлғалардың кірісін салықтық реттеу (салық мөлшерінің жіктелуі, салық жеңілдіктері, соның ішінде қайырымдылық істерге бағытталған қызметтерді ынталандыру);
- әлеуметтік аймақтағы мекемелерді бюджеттік қаржыландыру (білім беру, денсаулық сақтау мекемесі, мәдениет, әлеуметтік қызмет көрсету), сонымен қатар нарықта халыққа ықпал етуші коммерциялық емес ұйымдарға мемлекет атынан қолдау көрсету;
- жаңа жұмыс орындарының құрылуын, сонымен қатар жеке кәсіпкерлік қызметтің басталуын, қоғамдық жұмыстарды қаржылық ынталандыру;
- тұрғын үй нарығын мемлекеттік қаржы реттеу;
- қаржы нарығының дамуына атсалысу, «ұсак» салымға (қордың көлеміне қарағанда) бағытталған қатысушылар, инвесторлар, сақтандырушылардың арнайы қорғау механизмі мен олардың қызығушылығын құру [7].

Қазіргі заманда әлеуметтік инфрақұрылымды көп арналы қаржыландыру тетігі негізінде жұмыс істеуінің объективті себептері бар. Мемлекет даму бағыттарын белгілеп, қоғамның әлеуметтік дамуына белгілі бір жауапкершілікті өз мойнына алады. Бұған бюджеттік қаржыландыру арнасын пайдаланумен қол жеткізіледі. Бюджеттік қаржыландыру мемлекетке өзінің міндетіне алған әлеуметтік кепілдіктерді орындауына мүмкіндік береді, бірақ бюджеттік қаржыландыру негізінде әлеуметтік қызметтерді өндіру қоғамның әлеуметтік қалауын әлеуметтік қызметтерге өткізудің жеткілікті түрде жанама тетігін көрсетеді.

Әлеуметтік инфрақұрылымды *мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында реттеу* бұл саланың дамуына зор мүмкіндік береді. Мұнда әлеуметтік инфрақұрылымның бірқатар мемлекеттік қызметтер көрсету міндетін бизнеске беру ісіне қатысты болып отыр.

Бізде қазірдің өзінде мемлекет-жекеменшік аясында, мектепке дейінгі білім беру ісіне тарту саласында жақсы нәтижелер бар. Өткен 3 жылда мемлекет 40 мың орынға арналған 189 балабақша салса, жекеменшік сектор 100 мың орынға арналған 1300 балабақша ашты. Жекеменшік балабақшалардың ең көбі Оңтүстік Қазақстан (397), Алматы (221), Қызылорда (181) облыстарында ашылды [6].

Әрине, тұрғындарға қоғамдық қызметтерді көрсетуде әлеуметтік инфрақұрылымның алатын орны ерекше, сондықтан да мемлекет пен кәсіпкерлік құрылымдардың әріптестік қатынастарының даму қажеттілігін туындатты. Экономикалық теория шеңберінде мемлекет-жекеменшік серіктестігі ресми және бейресми ережелер жиынтығын қамтитын институт ретінде пайымдалады. Оның шеңберінде қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мемлекеттік билік органдары мен жеке меншік сектордың бірлескен іс-әрекетін жүзеге асырып, тең құқықтарда олардың экономикалық мүдделері іске асырылады, сондай-ақ мұнда әріптестер келесі функцияларды жүзеге асырады: субъектілердің әлеуметтік және экономикалық мүдделерін үйлестіру, ресурстарды қайта бөлу, қатысушылардың транзакциялық шығындарын төмендету бар.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің негізгі міндеттері:

- Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік әріптес пен жекеменшік әріптестің тиімді өзара іс-қимылы үшін жағдайлар жасау;
- инфрақұрылымды және халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жүйелерін дамыту үшін мемлекеттік әріптес пен жекеменшік әріптестің ресурстарын біріктіру арқылы мемлекет экономикасына инвестициялар тарту;
- халықтың, сондай-ақ өзге де мүдделі тұлғалардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі деңгейін және сапасын арттыру;

– Қазақстан Республикасындағы жалпы инновациялық белсенділікті арттыру, оның ішінде жоғары технологиялық және ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жүзеге асырылу тәсілі бойынша институционалдық және келісімшарттық болып бөлінеді. Институционалдық мемлекеттік-жекешелік әріптестікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік компаниясы іске асырады. Өзге жағдайларда мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісімшарттық мемлекеттік-жекешелік әріптестік тәсілі бойынша жүзеге асырылады. Келісімшарттық мемлекеттік-жекешелік әріптестік мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын, оның ішінде мынадай түрлерін: концессия; мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару; мемлекеттік мүлікті мүліктік жалдау (жалға алу); лизинг; технологиялар әзірлеуге, тәжірибелік үлгі дайындауға, тәжірибелік-өнеркәсіптік сынауға және аз сериялы өндіріске жасалатын шарттар; өмірлік цикл келісімшарты; сервистік келісімшарт; мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің белгілеріне сәйкес келетін өзге де шарттар жасасу арқылы іске асырылады [8].

Мемлекеттік-жекешелік әріптестігі әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың мынадай негізгі салаларында қолданылады: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын жөндеу, білім беру, денсаулық сақтау. Экономиканың аталмыш салаларынан мемлекет толығымен бас тарта алмайды және белгілі мүлікке немесе белгілі іс-әрекет түріне бақылауды сақтауға мәжбүрлі. Бірақ объектілерді сақтау және олардың жұмысқа қабілеттілігін қолдау үшін сәйкес бюджет қаражаттары есебінен шығындарды қаржыландыру жеткіліксіз болып табылады. Мемлекет пен жеке бизнестің ынтымақтасуының түрлі формаларын жүзеге асыру арқылы келіп түсетін қосымша капиталдың тартылуы талап етіледі.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарында мемлекеттік-жекешелік әріптестік қолдану бюджеттен тыс қаржыландыруды тарту есебінен, ол бюджеттік шектеулер жағдайында инфрақұрылымға инвестициялардың жылдамдатылуына ықпал етеді. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік әдісі арқылы жеке меншік компаниялардың мерзімінде инфрақұрылымдық жобалар құрылысының аяқталуын қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар тұтастай «өмірлік цикл» кезеңінде активтердің техникалық жағдайын сақтап, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарын тиімді пайдаланатынын дәлелдейді.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестікті қолданудың маңызды бағыттарын атап өтуге болады [9]:

- жеке секторды, оның ішінде ірі холдингтік компаниялар, қаржы-өнеркәсіптік топтарды тарта отырып, медициналық көмек көрсетудің заманауи инфрақұрылымын дамыту;
- сарапшылық зерттеу жүргізуге және нормативті-құқықтық базаны жетілдіруге жеке бизнесті тарту мүмкіндігі;
- денсаулық сақтауда бәсекелік ортаны қалыптастыру, ерікті медициналық сақтандыруды дамыту және бизнес-құрылымдар үшін қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру.

Нарықтық жағдайда білім беру жүйесінің дамуы ақылы білімнің пайда болуына жол ашты. Мемлекет мекемелерді толығымен қаржыландыру мүмкіндігіне ие болмай, білім беру саласын коммерциялады [10].

Мұнда егер бұрындары жеке меншік сектор тек қайырымдылықпен, демеушілікпен шектелсе, енді ол білім беру мекемесінің өміріне белсенді араласуға, оны дамытуға, материалды базасын жетілдіруге, кадрларды тартуға, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде бірлескен білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру үшін түрлі бюджет деңгейлерін тартуға бағдарланған.

Нәтижесінде білім беру мекемелерінің даму стратегиясы пайда болды. Білім беру қызметтерінің ақылылығының даму жағдайында мемлекеттік басқару жүйесі мен білім беруді қаржыландыру әміршіл-әкімшіл экономикаға тән оны ұйымдастырудың негізгі қағидаларын сақтай отырып, саланы ресурстық қамтамасыз етуде мемлекеттің жауапкершілігін әлсіретуге қарай дамыды.

Осылайша, білім беру саласына әлеуметтік инвестициялардың келесі түрлерін атап өтуге болады:

- эндаументтерге қайырымдылық түрінде қаржылық инвестициялар, гранттық білім беру бағдарламалары;
- еңбек нарығын жетілдіру немесе өзгертуге бағытталған тікелей әлеуметтік инвестициялар;
- өзара пайда алу негізінде бірлескен жобаларды дамыту және тағы басқалар.

Дегенмен, аталғандардың ішінде қазіргі таңда білім беру саласында мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытудағы көп елдердің тәжірибесі білім беру мекемелерінің ғимараттарының құрылысы және оларды жөндеуден өткізумен шектелуде.

Қорытындылай келе, әлеуметтік саланы, оның ішінде әлеуметтік жобалар мен бағдарламаларды бюджеттік қаржыландырудан мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде қаржыландыруға көшуді қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады. Оның негізгі артықшылықтары болып келесілер табылады: әлеуметтік қызметтер сапасын арттыру мүмкіндігі; мемлекеттік меншіктегі объектілерді дамытуға бизнестің қатысуы; мемлекеттік билік органдарында басқарудың озық технологияларын енгізу; әлеуметтік саланы қаржыландырудың заманауи формаларын дамытуда жеке сектор тәжірибесін қолдану; қажетті әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға көмек көрсету.

Сонымен, әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу нормативтік-құқықтық, бағдарламалы-мақсаттық, қаржылық және мемлекеттік-жекешелік әріптестік сипаттағы іс-әрекеттердің жиынтығынан тұрады және мынадай жетілдіру бағыттарын ұсынуға болады:

- әлеуметтік инфрақұрылым дамуының құқықтық базасын қалыптастыру;
- азаматтардың әлеуметтік инфрақұрылымға деген қажеттілігін қамтуға бағытталған бағдарламаларды іске асыру;
- капиталды тарту барысында инфрақұрылымның дамуы мен жетілдіруін ынталандыру;
- әлеуметтік инфрақұрылым салаларының тиімді қызмет етуіне жағдай жасау.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Конституция Республики Казахстан. — 30 августа 1995 года (с учетом изменений и дополнений). [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1005029](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029).
- 2 Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V ҚРЗ. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000314>.
- 3 «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылдың 6 сәуіріндегі № 1030 Жарлығымен бекітілген. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz>.
- 4 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года № 1118. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz>.
- 5 Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық» на 2016–2019 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 15 января 2016 года № 176. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://adilet.zan.kz>.
- 6 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» от 31 января 2017 года. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g)
- 7 Есенгельдин Б.С. Государственное финансовое регулирование социальной инфраструктуры в Республике Казахстан / Б.С. Есенгельдин, Г.К. Мурзатаева, А.С. Сейталинова // Вестн. Караганд. ун-та. Сер. Экономика. — 2013. — № 4. — С. 141–147.
- 8 Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы. Қазақстан Республикасы Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379. [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379>.
- 9 Таппасханова Е.О. Государственно-частное партнерство в здравоохранении / Е.О. Таппасханова, З.А. Мустафаева // Российское предпринимательство. — 2012. — № 13. — С. 112–118.
- 10 Сейткадиева А.М. Развитие государственно-частного партнерства в системе высшего и послевузовского образования РК / А.М. Сейткадиева // Казахстан-Спектр. — 2014. — № 3. — С. 34–44.

Г.М. Мухамедиева

### Актуальные проблемы государственного регулирования социальной инфраструктуры

В статье исследованы основы развития социальной инфраструктуры в структуре социально-экономической системы и социальной сферы государства. Автором сгруппированы основные направления государственного регулирования социальной инфраструктуры: нормативно-правовое обеспечение, программно-целевое регулирование, финансовое регулирование и государственно-частное партнерство. Показано правовое обеспечение минимальных социальных гарантий в современных условиях. Определены отрасли, в которых устанавливаются и применяются минимальные социальные стандарты в Республике Казахстан. Выявлены наиболее значимые факторы, влияющие на программно-целевое развитие социальной инфраструктуры. Проанализированы действующие государственные программы, устанавливающие четкие государственные приоритеты в социальной инфраструктуре. Показаны состояние и проблемы развития социальной инфраструктуры в разрезе отраслей, выявлены

тенденции и особенности их изменений. Рассмотрена совокупность финансовых методов государственного регулирования, воздействующих на социальные процессы в стране. Раскрыты теоретико-методологические и методико-практические основы применения государственно-частного партнерства в развитии социальной инфраструктуры страны. Отмечено, что государственно-частное партнерство применимо в отраслях жилищно-коммунального хозяйства, образования и здравоохранения. Предложены пути совершенствования развития социальной инфраструктуры с учетом передового опыта нормативно-правового обеспечения, программно-целевого назначения, финансового регулирования и государственно-частного партнерства.

*Ключевые слова:* инфраструктура, социальная инфраструктура, нормативно-правовое обеспечение, программно-целевое регулирование, финансовое регулирование, государственно-частное партнерство.

G.M. Mukhamediyeva

## Actual problems of state regulation of social infrastructure

The article explores the basics of the development of social infrastructure in the structure of the social and economic system and social sphere of the state. The author grouped the main directions of state regulation of social infrastructure: regulatory and legal support, program-target regulation, financial regulation and public-private partnership. Legal support of minimum social guarantees in modern conditions is shown. Industries are defined that establish and apply minimum social standards in the Republic of Kazakhstan. The most significant factors affecting the program-targeted development of the social infrastructure have been identified. The author analyzed current state programs that establish clear state priorities in the social infrastructure. The author analyzed the state and problems of the development of social infrastructure in the context of industries, identified trends and peculiarities of their changes. The article examines a set of financial methods of state regulation affecting social processes in the country. The author reveals the theoretical and methodological and methodological and practical foundations of the application of public-private partnership in the development of the country's social infrastructure. The article notes that public-private partnership is applicable in the sectors of housing and communal services, education and health. The author suggests ways of improving the development of social infrastructure, taking into account the best practices of regulatory and legal support, program-purpose, financial regulation and public-private partnership.

*Keywords:* infrastructure, social infrastructure, regulatory support, program-target regulation, financial regulation, public-private partnership.

## References

- 1 Konstitutsiia Respubliki Kazakhstan. 30 avhusta 1995 hoda [The Constitution of the Republic of Kazakhstan. August 30, 1995]. *online.zakon.kz* Retrieved from [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1005029](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1005029) [in Russian].
- 2 En tomen aleumettik standarttar zhane olardyn kepildikteri turaly. Kazakstan Respublikasynyn Zany 2015 zhyly 19 mamyr-dahy № 314-V KRZ [On minimum social standards and their guarantees. Law of the Republic of Kazakhstan of May 19, 2015. N 314-V of the LRK]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000314> [in Kazakh].
- 3 «Nurly zhol» infrakurylymды damytudyn 2015-2019 zhyldarha arnalhan memlekettik bahdarlamasy. Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2015 zhyldyn 6 sauirindehi №1030 Zharlyhymen bekitilhen [The state program of infrastructure development «Nurly Zhol» on 2015 - 2019 years. Approved by Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from April 6, 2015, N 1030]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Kazakh].
- 4 Hosudarstvennaia prohramma razvitiia obrazovaniia i nauki Respubliki Kazakhstan na 2011–2020 hody [The State Program for Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2011–2020]. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 7 dekabria 2010 hoda № 1118 – Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 7, 2010, N 1118]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Russian].
- 5 Hosudarstvennaia prohramma razvitiia zdavookhraneniia Respubliki Kazakhstan «Densaulyk» na 2016–2019 hody [State health development program of the Republic of Kazakhstan «Densaulyk» for 2016–2019]. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan ot 15 ianvaria 2016 hoda № 176 – Decree of the President of the Republic of Kazakhstan from January 15, 2016, N 176]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz> [in Russian].
- 6 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.Nazarbaeva narodu Kazakhstana «Tretia modernizatsiia Kazakhstana: hlobalnaia konkurentosposobnost» ot 31 ianvaria 2017 hoda [Address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev to the people of Kazakhstan «The Third Modernization of Kazakhstan: Global Competitiveness» of January 31, 2017]. *www.akorda.kz* Retrieved from [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaevanarodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nnazarbaevanarodu-kazahstana-31-yanvarya-2017-g) [in Russian].
- 7 Yessengeldin, B.S., Murzatayeva, G.K., Seitalinova, A.S. (2013). Hosudarstvennoe finansovoe rehulirovanie sotsialnoi infrastruktury v Respublike Kazakhstan [State financial regulation of social infrastructure in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Karahandinskoho universiteta. Seriya Ekonomika – Bulletin of the Karaganda University. Economy Series, 4*, 141–147 [in Russian].

8 Memlekettik-zhekeshelik ariptestik turaly. Kazakstan Respublikasy Zany 2015 zhyly 31 kazandahy № 379 [On public-private partnership. Law of the Republic of Kazakhstan of October 31, 2015, No 379]. *adilet.zan.kz* Retrieved from <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z150000379>[in Kazakh].

9 Tappaskhanova, E.O., Mustafayeva, Z.A. (2012). Hosudarstvenno-chastnoe partnerstvo v zdravookhraneni [Public-private partnership in healthcare]. *Rossiiskoe predprinimatelstvo – Russian Entrepreneurship*, 13, 112–118 [in Russian].

10 Seytkazieva, A.M. (2014). Razvitie hosudarstvenno-chastnoho partnerstva v sisteme vysshego i poslevuzovskoho obrazovaniia RK [Development of public-private partnership in the system of higher and postgraduate education of Kazakhstan]. *Kazakhstan-Spektir – Kazakhstan-Spectrum*, 3, 34–44 [in Russian].